

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Ғылыми Кеңесінің №11 хаттамасынан
КӨШІРМЕ

Қызылорда қ.

26 қаңтар, 2023 жыл
Сағат: 15:00

Кеңес мүшелерінің жалпы саны: 37

Қатысқандар – 33 (Каримова Б.С., Абдрашева Д.М., Монтаева А.С., Борібаева М.Ә., Базартай Ж.Н., Кошқаров С.И., Бисенов К.А., Досжанов Б.А., Сақтағанова Н.А., Омаров Қ.Ә., Оразбақов А.Ж., Тайман С.Т., Құлмурзаев Н.С., Абжалелов Б.Б., Мирманов Н.Б., Аппазов Н.О., Сейтмуратов А.Ж., Майгельдиева Ш.М., Рабатова Н.К., Ильясова С.М., Мырзатай А.А., Жаппасбаев А.Б., Жолаева М.Б., Абжаев М.М., Сәтбаева Г.Ә., Айдосова Б.Х., Тоқтағанова Г.Б., Сыдықова Г.К., Өткелбаев Қ.З., Смаилова Ж.Ж., Нұрбол Қ.Н., Мүсілім М.А., Тобашев А.Р.)

Қатыспағаны – 4 (Уразбаев Н.Ж., Құдайбергенов Қ.Қ., Кәрібозұлы Б., Косанов С.У.)

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ 2021-2025 жж. арналған Даму бағдарламасының 2022 жылғы орындалуы (Басқарма мүшесі - Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Ж.Н.Базартай).

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға: Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ 2021-2025 жж. арналған Даму бағдарламасының 2022 жылғы орындалуы. Сөз Басқарма мүшесі - Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Ж.Н.Базартайға беріледі.

Ж.Н.Базартай: Құрметті Ғылыми Кеңес мүшелері! Назарларыңызға «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ 2021-2025 жж. арналған Даму бағдарламасының 2022 жылғы орындалуын ұсынамын.

Университетіміздің даму бағдарламасы 6 негізгі бағыт бойынша жұмыс жасайды. Айта кетсек:

1. Корпоративтік басқару және ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың әлеуетін арттыру
2. Білім беру қызметін инновациялық қамтамасыз ету
3. Инновациялық экожүйені дамыту
4. Тәрбие жұмысы және әлеуметтік әріптестікті дамыту
5. Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру
6. Инфрақұрылымды жаңғырту (Қосымша 1.2. «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ 2021-2025 жылдарға арналған Даму бағдарламасының 2022 жылғы орындалуы).

Осы даму стратегиясы бойынша ұсыныстарымды айта кетейін:

1. Студенттердің жалпы санынан ЖОО қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберінде оқитын студенттердің үлесі – индикаторын орындау үшін 2023 жылдың 15 ақпанына дейін нақты жұмыс жасау ұсынылады.

2. Студенттердің жалпы санынан шетелдік студенттердің үлесі - индикаторын орындау үшін 2023 жылдың 15 ақпанына дейін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне даярлық курсына мемлекеттік тапсырыс аясында арнайы орындар бөлу бойынша сұраныс хат жолдау қажет.

3. Шетелдік студенттердің үлесін арттыру үшін университеттің 50 білім грантын 2023 жылға бөлу сұралады.

4. Шетелдерде өкілдіктер/офистер ашу – индикаторын орындау үшін Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласында орналасқан Қазақ ұлттық мәдени орталығымен келіссөздер жүргізіп, 2023 жылдың 15 ақпанына дейін өкілдік ашу жұмысын ұйымдастыру қажет.

Қорытынды:

Стратегиялық бағыты	Барлық индикаторлар	Орындалды	Орындалмады	Ішінара орындалды	% орындалды
1.Корпоративтік басқару және ғылыми-педагогикалық қоғамдастықтың әлеуетін арттыру	12	12	-	-	100
2. Білім беру қызметін инновациялық қамтамасыз ету	28	28	-	-	100
3. Инновациялық экожүйені дамыту	16	16	-	-	100
4. Тәрбие жұмысы және әлеуметтік әріптестікті дамыту	10	10	-	-	100
5. Халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру	5	2	2	1	40
6. Инфрақұрылымды жаңғырту	9	9	-	-	100
Барлығы	80	77	2	1	97

Төраға: Осы баяндамаға байланысты сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақтарыңыз болмаса, дауыс беруге шақырамын. Дауыс беру нәтижесі: иә - 33, қарсы, қалыс жоқ.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Ж.Н. Базартайдын ақпараты назарға алынсын.

2. Студенттердің жалпы санынан ЖОО қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық шеңберінде студенттердің үлесі – индикаторын орындау үшін 2023 жылдың 15 ақпанына дейін Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М. Абдрашеваға нақты жұмыс жасау тапсырылсын.

3. Студенттердің жалпы санынан шетелдік студенттердің үлесі - индикаторын орындау үшін 2023 жылдың 15 ақпанына дейін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне даярлық курсына мемлекеттік тапсырыс аясында арнайы орындар бөлу бойынша сұраныс хат жолдау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М. Абдрашеваға және Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Ж.Н. Базартайға тапсырылсын.

4. Шетелдік студенттердің үлесін арттыру үшін университеттің 50 білім грантын 2023 жылға бөлу мәселесі пысықталсын.

5. Шетелдерде өкілдіктер/офистер ашу – индикаторын орындау үшін Өзбекстан Республикасы Ташкент қаласында орналасқан Қазақ ұлттық мәдени орталығымен келіссөздер жүргізіп, 2023 жылдың 15 ақпанына дейін өкілдік ашу жұмысын ұйымдастыру Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.Ә. Бөрібаеваға және Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Ж.Н. Базартайға тапсырылсын.

6. Университет проректорларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына, институт директорларына университеттің Даму бағдарламасы индикаторларының орындалуына тұрақты бақылау жасау тапсырылсын.

7. Осы шешімнің орындалуын бақылау стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор Н.Ж. Уразбаевқа жүктелсін.

Ғалым хатшы



А.С.Монтаева